

нағыз кәсіби шебері болған. Бар жоғы 48 жыл ғұмырында ұлтқа пайдасы тиер қыруар еңбек қалдырған Ұлт Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің Ұлы даладағы ағартушылық мұрасы бүгінгі өскелең ұрпақ үшін таусылмайтын қазына!

Әдебиеттер тізімі

1. **Азмұханова А.** Ұлт ағартушылары және ұлттық мүдде // Қазақ тарихы. – 2011. – № 4 (109). – 11–13-б.
2. **Сүйіншәлиев Х.** Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 847-б.
3. **Мұқатов Н.** Көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). – 48–50-б.
4. **Мәдібай Қ.** Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. – 2009. – № 33 (3144). – 31 шілде. – 6-б.
5. **Абдуллина А.** Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні // Қазақ. – № 18,19 (532–533). – 6–13 мамыр. – 8-б.

ӘОЖ 82.0 (091)

ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ – ТОТЫҚПАЙТЫН АЛТЫН

Ихсан Д. М. – 7М02301 – Қазақ филологиясы бойынша магистратурада білім алушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Мақалада Ыбырай Алтынсариннің көп айтыла бермейтін, жазыла бермейтін мұралары қамтылады. «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы» тағы басқа еңбектері туралы мағлұматтар беріліп, ғалымдар пікірімен ашылған. Мақалада педагог-қайраткердің ерте кезде баспадан шыққан еңбектері пайдаланылып, түпнұсқалық деректермен берілді.

Түйінді сөздер: «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы», Алаш ұстазы, педагог-қайраткер, Ұлы Даланың ұлы есімі.

Қазақ халқы ұлы тұлғалардан, даңқты қайраткерлерден, парасатты азаматтардан кенде емес. Өз өмірін ұлттық мүдде жолында сарп етіп, есіл өмірін ел игілігіне жұмсаған жандар да баршылық. Алайда сом тұлғалы ұлылар өз дәрежесінде ұлықталмай, науқаншылдықпен ғана насихатталып, мерзімі өтсе тек бірлі-екілі ғалымның зерттеуінде қалған тұлғалар да бар. Филология ғылымының докторы, профессор Серікбай Оспанұлының мәңгілік зерттеу тақырыбына айналған, «Ұлы Даланың Ұлы есімдерінің» қақ төріндегі тұлғаның бірі – Алтынсарының Ыбырайы. 1857 жылы Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектептің түлегі Ыбырай Алтынсариннің мұрасы мен шығармашылық өмірі жөнінен бізге дейін де айтылды, бізден кейін де айтылары анық.

Ыбырай Алтынсариннің мұралары өте көп. Ішіндегі ерекшесі, шоқтығы биігі – «Қазақ хрестоматиясы». Бұл – білімге сусаған қазақ баласының шөлін қандырған, құндылығы жоғары еңбек. Кешегі қазақ даласын тітіркентіп, сан саласына қан жүгірткен, атын естісе бүкіл қазақтың жүрегі лүпілдейтін АЛАШ қайраткерлерінің қай-қайсысы да «Қазақ хрестоматиясымен» көзін ашқан. Ыбырай салған жолмен жүріп өткен. Демек, Алаш зиялылары – Ыбырай ізбасарлары. Бүгінгі таңда бұл еңбекке кір келтіргіш «тұлғалар» көбейіп кетті. Мазмұны көңіл көншітерлік емес деп сыңаржақ пікір білдіруге ешкімнің құқы жоқ. Елімізде арнайы заң қабылданып, ұлы тұлғаларымыз бен ұлы мұраларымызға тіл келтіргенге айыппұл салып, тергеуге алу қажет.

Әуелі, хрестоматияның шыққан уақытындағы саяси оқиғаларға көз жүгірткен абзал. «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы «қазақтың оң жақтағы жүрегі» (Н.Құлабай) Орынбор қаласында жарық көрген. Дәл сол уақытта қазақ тілінде ешбір оқу құралы болмаған. Өз бауырыңмен өз тілінде қарым-қатынас жасай аласың, бірақ оқи алмайсың. Бұл бұратана халыққа ғана тән құбылыс. Сол кезде білімге құштар қазақ балалары татар тілінде жарық көрген еңбектерге ұшырасып, татар тілін үйренуге мәжбүр болды. Сол кезде «Қазақ хрестоматиясы» «қараңғылықтың көгіне өрмелеп шықты» (С. Торайғырұлы). Бұл еңбек туралы ыбырайтанушы Серікбай Оспанұлы: «...Ыбырай балалар түсінігіне лайықтап, өзінің төл шығармалары мен қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерін және Еуропа классикалық әдебиетінен таңдап «Қазақ хрестоматиясын» жазды. Ыбырай «сөз басында» ана тілімізде шыққалы отырған тұңғыш кітаптың орыс-қазақ және қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу құралы, сонымен бірге халықтың оқып, тәрбие алуына жарайтын жинақ болуын көздегенін айтады» [1;18], – дейді. Сол кездегі қазақ балаларының сауатын ашқан хрестоматия 4 тараудан тұрады. Бірінші тарау – балалар өмірінен алынған әңгімелер, мысалдар, халық ауыз әдебиеті, әр бағытта жазылған хаттар. Екінші тарау – әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер. Үшінші тарау – қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінділер. Төртінші тарау – қазақтың

мақал-мәтелдері. Төрт тараудың бүгінгі том-том болып шығып жатқан небір оқулықтар мен кітапшалаарға төтеп бере алардай қуаты, дәрежесі бар.

Ыбырай Алтынсарин орыс зиялыларының педагогикасын, Еуропа зиялыларының педагогикасын қазақ жеріне әкелді. Сол елдің педагогикалық көзқарастарымен оқытып, тұңғыш пәндік жаңа сипатты мектептер ашып, оқулықтар жазды. «Қазақ хрестоматиясы» – соның нәтижесі. Ал, бұл еңбекті жазуына, педагогикалық көзқарасының қалыптасуына орыс достарының қатысы бар. Орыс достары деп В.В.Григорьевті, Н.И.Ильминскийді, Я.П.Яковлевті айтса болады. Алайда мұның ішінде Ыбырайды дос тұтып, сол арқылы қазақ халқын орыстандыруға әрекет еткен миссионерлер болғанын да айту қажет. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын орысша сауатты болғанын, сол арқылы басқа пәндерді тез игеріп кететін түсінген. Бұл туралы өзі де: «Орыс тілінің грамматикасымен қазақ оқушылары мектепке кірген жылынан бастап, орыс сөздерін үйрене бастағанда-ақ таныса бастайды; орыс тілі оларға әуелі мен құрастырған «Оқу құралым» бойынша, кейін Ушинскийдің немесе Кирпичниковтың грамматикалары бойынша үйретіледі. Бұл арада тағы бір айта кететінім: бұратана елдердің балаларына тарих, география, жаратылыстану сияқты пәндерді оқытатын оқу құралдар таңдап алу, менің ойымша, бұратаналар оқуымен шұғылданатын адамдардың қай-қайсысына да қиыншылық келтіретін мәселе... менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күн ілгері сөйлесіп, таңдап алу керек сияқты, өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды» [2;206], – деген болатын.

Совет үкіметі кезінде «Ыбырай орыс алфавитінің қазақ тілінде негізін салушы» деген жаңсақ ой айтылған. Бұл сөзсіз қате пікір. «Батыс Сібір генерал-губернаторының 1876 жылы Ішкі істер министріне жазған жолдамасында: «...Торғай облысының халық мектебінің инспекторы Алтынсарин өзі орыс алфавитін қолданып жазып, қазақтардың халық өлеңінің тексін маған әкеп тапсырды... Біз орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауымыз керек ... Бұл жұмыс Ильминскийге тапсырылды» делінген. Бұдан біз қазақтар үшін орыс алфавитін алғаш жасаушы Ыбырай емес, Ильминский болғанын, ал оны кей жағдайда қолдаған Ыбырай екені аңғарылады. Шынында да Ильминскийдің ресми қатаң талап етуімен Ы. Алтынсарин өз кітаптарын орыс алфавиті негізінде жазуға мәжбүр болған. Бұған ескі оқуға қарағанда орыс оқуының прогрессивті мәні де себепші болған еді. Ильминскийдің орыс алфавитін Ыбырайдың атымен насихаттауда көздеген мақсаты, біріншіден, ғасырлар бойы ислам діні жайлаған қазақ даласына елдің оқыған зиялы азаматының атымен ұсыну қолайлы болса, екіншіден, орыстандыру саясатын іске асыруда біреудің қолымен от көсеу оңайырақ еді. Ильминский өзінің миссионерлік жүйесін түрлі жолмен таратуды мықтап ойластырған» [3;6].

Ыбырай Алтынсарин патша үкіметінің отарлау саясатын алысқан азаматқа кінә қоюға болмайды» (А. Құнанбайұлы). Бірақ дипломатиялық саясат ұстанып, халық ағарту ісімен айналысып, халықты надандық құрсауынан құтқаруға асыққан. Қал-қадірі жеткенше әдеби мұрасын қалдырып кеткен.

Ыбырай мұрасының дені – әдеби-көркем шығармалар. Бірақ әдеби-көркем шығармаларын педагогикалық мақсатқа ыңғайластырып, орайластырып жазды. Ақындығы, жазушылығы «педагог Ыбырайға» қызмет етті. Өлеңдері мен әңгімелері қазақ балаларын білімге, ғылымға қызықтыру мақсатында жазылды. Ыбырайдың оқулық-хрестоматиясы:

«Бір Құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық.

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық»[4;26] – деп басталады. Осы өлеңі Совет үкіметі кезінде «Кел, балалар, оқылық» деп басталып, «Бір Құдайға сыйынып» деген тармағы алынып тасталған. «Бір Құдайға сыйынып» деген бір ғана тармақ «Ыбырай Алтынсарин шоқынды» деген мыңдаған ауызды жауып тұр емес пе?! Оқу-білімнің пайдасын жіпке тізген моншақтай қылып, оқыған азаматтың санасы жоғары, ілтипаты мол, өнегелі болатынын, ілім-білім арқылы адам алдына қойған мақсатына жететінін жеткізе біледі. Осы арқылы оқушының білім алуға деген қызығушылығын оятып, ықыласын арттырады. Баланы түрлі жақсы қасиеттерге баулып, жаман істерден аулақ қылдырады. Бұл туралы ақын Серікбай Оспанұлы: «өлеңде малдың бір-ақ жұттық екені, ал оқыған адамның байлығы ешқашан жоғалып-жұтамайтыны, киім де, тамақ та, өнер-білім де оқумен табылатыны, қартайғанда да білім сүйеніш болатыны айтылады. Ақынның бұл өлеңді жазудағы басты мақсаты – балаларға өнер-білімнің пайдасын түсіндіріп жеткізу. Педагог-ақын сол мақсатының үдесінен шыққан» [1;23], – деп өз пікірін білдіреді.

Ілім-білімге қызықтырар тағы бір мұрасы – «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі.

«Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды» [5;14], – деп басталатын жыр жолдарынан сол уақтағы бұрын сөз болмаған мәселелерді қозғайды. Мысалы, телеграф, радио, телефон, самолет, газ, тағы басқа техника құралдарын атымен атамай, қазақтың түсінікті сөзімен жұмбақтата сөйлейді. Бұған да тапқырлық, ұшқырлық қажет. Осы арқылы оқушылардың зейінін ұштап, қиялын дамытып, ойлау қабілетін арттыруға

әсер етеді. Серікбай Оспанұлының сөзімен айтсақ, «Ыбырай Алтынсариннің бұл шығармалары өлең өрнегін жаңартып, деңгейін көтеріп, көркемдік тәсілдерін жетілдіру, әсерлеу мақсатында емес, мектеп оқушыларына арналған оқу құралдарына материал ретінде жазылған публицистикалық өлеңдер».

Ыбырай Алтынсариннің көп айтыла бермейтін мұрасының бірі – діни кітабы. 1884 жылы араб әрпімен Қазан қаласында «Шараятул-ислам» атты кітабы жарық көрген. Бұл кітап 1894 жылы Орынбор қаласында орыс таңбасымен қайта жарыққа шыққан. Сол кездегі ашқан мектептерінде дін сабағы да оқытылатын болып, Ыбырай дүмше молдаларға сенбей, өзі оқулық жазған болатын. «Шараятул-ислам» немесе «Мұсылманшылықтың тұтқасын» жазу себебін автордың өзі: «...біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап ... осы оқу құралын құрастыруға кірістім», – дейді. Дәл осы еңбекті 1991 жылы аса көрнекті этнограф, филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбеков баспаға дайындаған. «Фибраты мол еңбек» атты алғысөзінде кітаптың жазылуына 2 себепті айтады. Олар: «Біріншісі: Ыбырай ашқан мектептерде сол кездің талабы бойынша міндетті түрде дін сабағы өтуге тиіс еді. Әрине, бұл талапты орындауда да Ыбырай ағартушылық бағытынан жаңылмай, ислам дінінің мән-мақсатын таныстыра отырып, негізінен адамгершілік тәрбиесі мәселесіне баса ден қойған. Мұнысы үшін кезінде бұл кітап «...балаларға ислам дінінің «ақиқаттығын» дәлелдейтін негізгі түсініктер бере алмайды» деп сыналған болатын. Екінші жағдай: сол кездегі енді орныға бастаған жазба мәдениетімізге араб, парсы сөздерінің көптеп енуі елінің ертеңін ойлайтын Ыбырай сияқты азаматты бейтарап қалдыра алмады. Тек Ыбырай ғана емес, сол кездің көзі ашық, көкірегі ояу зиялыларының қай-қайсысы да қазақ әдеби тілінің таза күйінде орнығуына айрықша көңіл бөліп, халық тілінің шұбарланып бара жатқанын уайым етті» [6;5].

Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасы, педагогикалық мұрасы, діни мұрасы, барлығы да өміршең. Өйткені, қарақан басы үшін, атақ үшін, марапат үшін жазылмаған дүние қанша ғасыр өтсе де, өзектілігін жоймасы анық. Ел азаматы, қазақтың ағартушысы, ұстазы Ыбырай Алтынсариннің мұрасы – ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетер дүние емес-ті. Ақындығы мен жазушылығын педагогикалық жолында бағыт-бағдар еткен қайраткердің мұрасы – ұлттың баға жетпес қазынасы, тотықпайтын алтыны. Заман ағымын аңдап, мектеп ашып, оқулық жазып, қайраткерлік іс етуі екінің бірі істей алар іс емес. 1864 жылы қаңтардың сегізінде қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп ашып, 14 қазақ баласын оқытты. «Қойға шапқан аш қасқырдың» мектептегі жолын емес, мұрасы мен шығармашылығын қаузап өттік. Ресей империясының боданында жүріп ұлтқа қызмет ету – мыңның біріне ғана бұйырар мехнаты мен машақаты көп тәуекелді жол. Ыбырай – сол мыңның бірі, ұлттың ұлы, елдің адамы. XIX ғасырдың ортасында бастаған Ыбырайдың ағартушылық қозғалысын Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ғазымбек Бірімжан бастаған Алаш қайраткерлері әрмен қарай жалғастырды.

Әдебиеттер тізімі

1. **Оспанов С.** Қазақ ақындарының публицистикасы. Монография. – Астана: Фолиант, 2011. – 472 б.
2. **Алтынсарин Ы.** Таңдамалы шығармалары (құрастырған Б.С.Сүлейменов). Алматы, 1955
3. **Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары** / Пед. ғылымдарының Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институты; Құрастырған: С. Қалиев және басқалар. – Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
4. **Алтынсарин Ы.** Таңдамалы шығармалары – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.
5. **Ыбырай Алтынсарин.** Кел, балалар, оқылық! Бастауыш мектептің оқушыларына арналды (құрастырған: Қ. Жармағамбетов). Қазақтың мемлекеттік оқу құралдары баспасы. Алматы – 1948.
6. **Алтынсарин Ы.** Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам / Дайындаған А. Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан; ТПО Қаламгер, 1991. – 80 бет.

УДК 930.24

МНОГОГРАННОСТЬ ТВОРЧЕСТВА ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА

Кузенбаева З. К. – магистр технических наук, преподаватель специальных дисциплин, Рудненский колледж строительства и транспорта, Костанайская область, г. Рудный.

В данной статье рассматривается творчество Ибрая Алтынсарина, его вклад в образование казахского народа. Сущность первой школы воспитания казахского народа, а также женского училища, просвещению народа.

Ключевые слова: воспитание, образование, народ, этнограф, школа, языки, учитель, просветитель.